Дәл осы Brexit жағдайында болған сияқты, АҚШ-тағы президенттік сайлау кампаниясы барысында Трамп әрі оған қарсы оппозициялық фронт тарапынан алға тартылған негізсіз, бұрыс ақпараттар жиынтығы әлеуметтік медиа платформаларды және американдық БАҚ-ты хаос жағдайына алып келген болатын. Сондай-ақ, АҚШ-тағы әлеуметтік-саяси ахуал осы хаос шеңберінде жаңа бір пішін ала бастаған болатын. Хиллари Клинтонға ашық қолдау көрсеткен медиа орталықтары америка халқының жадында қалып қойған ең үлкен дұшпандарды естеріне сала отырып, Трампты Кремль сарайымен жасырын қарым-қатынаста екендігін алға тарса, Трамптың жақтастары таратқан мәлімдемелер мен сайлау алды программалары иммиграция, жұмыссыздық, Таяу Шығыс саясаты және «супер держава сипатын жоғалта бастаған Америка» мифтеріне негізделген болатын.

Қоғамдық пікірді анықтау мақсатында жасалған сауалнамалардың нәтижелерін теріске шығарып, жеңіске қол жеткізген Дональд Трамптың президенттігі, әсіресе әлеуметтік медиа платформаларының әлеуетін тиімді пайдаланған сайлау науқаны мен бұл науқанның мазмұны постшындық тұрғысынан да терең талдауды қажет ететін құбылыс болып табылады. Дәл осы тұста өте мұқияттылықты қажет ететін және «өтірік ақпараттың тобырға ықпалы» сияқты қарапайым сипаттама арқылы түсіндірілуі мүмкін болмайтын өте күрделі мәселе тұр.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, көптеген саясаткерлер ұқсас әдістерді пайдалану арқылы, яғни жалған немесе бұрмаланған жаңалық пен ақпараттарды негізге ала отырып, үлкен массалардың қолдауына ие болуға тырысқан болатын. Бұл мәселе орталықтандырылған жүйеде көпшілік аудиторияға бағытталған ақпараттың тек тұтынушылары ғана бар және уақыт пен кеңістік, сондай-ақ материалды капиталға тәуелді медиа жағдайын көз алдымызға елестететін болсақ әлдеқайда түсінікті болар еді.

XXI ғасырда ақпараттың дәстүрлі өндірісі, таратылуы және тұтынылу процестеріндегі құрылымдық өзгерістері нәтижесінде әртүрлі ақпарат жүйелерінің бірігуінен пайда болған жаңа желіде және ақпараттың әрбір адамға қол жетімді болып табылатын әлдеқайда демократияландырылған жаңа жүйеде өмір сүреміз. Басқа сөзбен айтқанда, уақыт пен кеңістіктен тәуелсіз және күнделікті таратылатын түрлі жаңалықтар таратылымдарына тіркелген, саны күннен-күнге артып келе жатқан фактчекинг құралдарына және жаңа коммуникациялық технологияларға ие бүгінгі күннің қарапайым адамдары Парсы шығанағындағы соғысты радио мен теледидардан ғана көріп тындайтын пассив аудиториядан өте өзгеше болғанына қарамастан, тек бір дерек көзден ақпарат алуды жалғастырып келе жатыр.

Ақпараттың демократияландырылуы заманауи адамның жаңа әдіс пен технологиялар арқылы өмірдің әр алаңында белсенді қатысушы және актив тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік бергеніне қарамастан, ақпараттың сапасы мен шынайылығына қатысты айтарлықтай проблемалар бар екені анық. Трамп сияқты қазіргі кездегі бірқатар популистік көшбасшылардың тез өсуінде рөл ойнайтын бір жақты медиа демонстрациялардың немесе «пропагандалардың» ықпалын есепке ала отырып, негізі қарама-қайшылықтады талдауымыз қажет.

Америка Құрама Штаттарының президенті Трамп өзінің алғашқы 100 күні ішінде Twitter парақшасында барлығы 858 жазба жазғаны анықталып отыр. Осы жазбаларды жақыннан зерделейтін болсақ, Трамп тарапынан айтылған сөздер мен тұжырымдар арасын-

да «көші-қон», «иммиграция», «әлеуметтік қамсыздандыру», «экономика» және «бюджет» сияқты сөздер көп қолданылған екен. Brexit науқаны барысында да дәл осындай ұғымдар қалай тиімді пайдаланылғандығын және бұл ұғымдарды пайдалану арқылы стратегиялық тұрғыдан халық арасында үрей ұялата отырып, әлеуметтік саяси шешімдерге қалай ықпал еткендігін бұған дейін де қарастырған болатынбыз.

Сонымен қатар, танымал сарапшы Тим Стоктың пайымдауынша, Трамп Twitter-де кез келген жазбаны бөлісу барысында төрт түрлі кейіпке ене отырып немесе төрт түрлі рөлді сомдай отырып, бұқара халыққа жолдау жасаған. (1) ойшыл дана адам ретінде, (2) наразылық білдіруші адам ретінде, (3) журналист, кез келген науқанды басқарушы менеджер ретінде және (4) соңғысы да саясаткер ретінде. Бұндай жағдайда Трампты тек қана саясаткер ретінде қарастырып бағалау және сынға алу, сондай-ақ үлкен дискуссияларға негіз болған баяндамаларын шындық/шындық емес контекстте қарастыру қате және толық емес болып табылады.

Пьер Бурдьёның «Телидидар туралы» («On Television») атты еңбегінде айтылғандай, адамның өз шеңберінің сыртына шығуы үшін бірінші шеңбердің шекараларынан асып түсуі қажет. Жаңа медианың дамуы нәтижесінде ақпараттың нақты дерек көзін бірден толықтай анықтау мүмкіндігі төмендейді. Бұл өз кезегінде түрлі адамдар тарапынан мақсатты түрде шынайы ақиқаттың қалағанынша өзгертілуіне және түрлі формаларда жорамалдануына жол ашады [1, 41 б.].

Сондықтан Трамп, Ле Пен және Тереза Мэй сияқты қазіргі саясаттың популист лидерлері бүгінгі проблемалар мен қорқыныштарды қоғамдық тарихтың анық тәжірибелеріне негізделе отырып, жаңадан интерпретациялайтын тарихшы, өткеннің ақиқатының мағынасын жаңадан жаңғыртатын және нені қалай ойлауымыз/түсінуіміз қажет екендігін көрсететін пікір қалыптастырушы лидерлер ретінде саясат сахнасына шығып отыр. Күнделікті өмірдің кез келген сәтіне әсер ететін бұл қорқыныш ішінде проблемаларға шешімдер ұсынатын популист лидерлер заманауи «көріпкел» немесе «әулие» сияқты қызмет атқарады екен.

Бұл тұрғыдан, саясаткерлердің рөлі белгілі бір кезеңдерде қоғамдық пікірге ықпал ету және одан қолдау табу үшін күш жұмсайтын қоғамдық қайреткер болудан гөрі мемлекетін әр уақытта бір рейтингке қол жеткізу және «like» жинау үшін басқаратын ток шоу жүргізушісіне айнала бастаған сияқты. Постшындықтың құрбаны болып табылатын сезімтал қоғамдардың шешім қабылдау механизмында логикалық ойлау процессінен гөрі эмоциялар маңызды факторы болып табылады.

Ежелгі Грециядан бастап ағартушылық дәуіріне дейінгі кезеңде шындық пен ақиқат мәселесі. ХХІ ғасырда медиа мен ақпараттың функциясы, танымдық төңкерістердің әсері мен билік-медиа арасындағы қарым-қатынас негізінде пайда болған «шындық» және «ақиқат» құбылыстары ең көп дискуссияға себеп болған тақырыптардың бірі.

Ақпарат, шындық және ақиқат сияқты мәселелер, шын мәнінде, алғашқы дәуірлерден бастады. Гераклит, Парменид, Демокрит және Анахагор сияқты ежелгі грек философтары «ақиқат дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздеуге тырысып, білімнің мүмкіндіктері, қайнар көздері мен шекараларын анықтауға барлық күш-жігерлерін жұмсаған болатын. Сократ, Платон және Аристотель болатын болса, бұл мәселені күн тәртібіне шығарып, егжей-тегжейлі зерттеген болатын [2, 36 б.].

Мысалға, Ежелгі грек ойшылдарының бірі және объективті ақиқат құбылысын қабылдамаған Горгий былай дейді: «Ақиқат жоқ, бар болса да танып білу мүмкін емес, танып білінсе де оны басқаға сипаттап беру мүмкін емес». Ал Протагор болса «Адам – барлық нәрсенің өлшемі, қанша адам болса соншалықты ақиқат бар» деген екен.

Шындық пен ақиқатты білімнің контекстінде саралаған Платон «Білім (эпистема) дегеніміз не?» деген сұрақпен басталатын Теэтет диалогында білімнің қайнар көзін зерттеген. Бұл зерттеудің нәтижесінде қоршаған табиғатты қабылдау және оны ұғыну

сезімнен тәуелсіз қалыптаспайтындығын алға тарқан болатын [3, 75 б.].

Абсолютті болмыс бар екендігін және оның абсолютті біліміне қол жеткізу мүмкін екендігін негізге алған Платонның айтуы бойынша, адамның сезім органдарына байланысты емес, айқын және анық ұғыну және түсіну түрі бар. Платон айтуынша, адам бір нәрсені жай ғана қабылдау арқылы үйренбейді, оны өзі тәжірибе жүзінде тауып, зерттеу нәтижесінде үйренеді. Олай болатын болса, білім адамның өзіндік қабілетінен туындайды және дамиды. Өздігінен және белгілі бір сәтте қол жеткізілетін бұл білімнің түрі ойға негізделген және объективті қарым-қатынастар барысында одан әрі тереңдейтін білім болып табылады.

Антика дәуіріндегі объективтілік, субъективтілік және ақиқат мәселелері кейінгі дәуірлерде адам болмысының табиғатына және қоғамның құрылымына қарай қолға алып, зерттелген болатын. Спиноза ақиқаттың не екендігіне емес, оның практикалық құндылықтарын талдауға ауырлық берген болатын. Спинозаның пайымдауынша, адамдар ақиқат пен шындықты жақсы көреді, өйткені ол өмір сүру, өздерін түсіну және шынайы табиғатымен үйлесімді өмір сүру үшін қажет [4, 10 б.].

Шындықтан әлдеқайда алыс, әртүрлі интерпретацияларға ашық, шекаралары жоқ шындық пен ақиқаттың қоғам ішінде қаншалықты қауіпті екендігін айтқан ағартушылық дәуірінің ойшылдары болса ақиқатты елемей немесе оған немқұрайлы қарау қоғамның бірлігін жоққа шығару деген идеяны алға тартты. Бұл тұрғыдан Иммануель Кант келесі пікірін білдірген: «Шындық пен ақиқат болмаса, әлеуметтік қатынастар мен байланыстар ешқандай құндылыққа ие емес» [5, 61 б.].

Тарихтың басынан бастап, адамзат болмысының маңызды бөлігін, тіпті белгілі бір құндылықтардың пайда болуына «елестетілген/қиялдан жасалған ақиқаттар» негіз болып отырған. Ғасырлар бойы маңыздылығын жоғалтпаған діндер, ақиқат ретінде қабылданатын ұлттық немесе империалдық мифтер мұның мысалы. Бұлар логос (ақылмен түсініп ұғыну) пен мифтік (аңыздарға негізделген) ойлау түрінің бірігуінен пайда болған «елестетілген/қиялдан жасалған ақиқаттардың» платформасында дүниеге келген. Шынында да, тарихта із қалдырған ең дамыған қоғамдардың тарихына үңілетін болсақ, елестетілген қиял-армандар миф пен сенімдерге негізделген өркениет тарихының қалыптасуында өте ықпалды болғандығын көреміз.

Осыны дәлелдерді негізге ала отырып, келесі сұрақты сұрау орынды болады: Пост-шындық феномені қаншалықты постиндустриалды қоғамға ғана тән құбылысы болып табылады?

Пост-шындық дегеніміз қаншалықты жаңа тұжырымдама? Қазіргі мағынасы және қолданысымен жаңа тұжырымдама ретінде пайда болған пост-шындық көп жағдайда «жалған ақпарат жиынтығының пайда болуын» қарастыратын құбылыс ретінде қалыптасты.

Жалған ақпарат деген құбылыс жаңа медиа құралдарының дамуымен қоса ең шарықтау шегіне жетіп отыр. Дегенмен, пост-шындық деген дәуірді тек қана жалған ақпараттардың айналамызды қоршауы деп түсіндіру мүмкін емес. Басқаша айтқанда, пост-шындық мәселесін шығу тегі әрі атқаратын функциясы тұрғысынан жалған ақпарат деген нәрсемен тең дәрежеде қарастыру мүмкін емес. Пост-шындық деп сипатталатын құбылыс антикалық дәуірден бері келе жатқан және бүгінгі күнмен ғана шектеліп қалған феномен емес екендігін алға тартқан жөн. Сондай-ақ, тек технология және медианың тар шеңберінде қарастыру да мәселені толықтай ашып бермейді. Себебі, жалпы айтқанда, ақиқат пен шындық сияқты жалған мен өтіріктің де қоғамда атқаратын функциясы туралы да сөз қозғауға болады.

Алғашқы модернизм кезеңінің ең көрнекті өкілі Фрэнсис Бэкон өзінің «Ақиқат туралы» атты тәжірибесінде осы мәселені қозғайды. Фрэнсис Бэконның пайымдауынша, адамның бойында жалған ақпаратқа деген табиғи, бірақ бұзылған бір құмарлық түрі бар. Бэконның табиғи деп сипаттап отырған құмарлық түрін көп жағдайда иррационал деп те түсіндірме беруге тырысқандар да бар. Себебі, «әр нәрсені білу» тек қана танымдық процесс емес, адам көп жағдайда бір нәрсені білу барысында құндылықтар мен мақсаттарды

да есепке алады [6, 1346 б.]. Трамп сияқты әлемнің түпкір-түпкірінде жеңіске жетіп жатқан популизмнің таралуына таңданып қарайтындар дәл осы құндылық пен мақсаттарға назар аудармағандары үшін көп жағдайда қателеседі.

Қысқасы, қиял-ғажайып оқиғалар, қорқынышты әңгімелер, хикаялар және «өзгелер» («others») дискурсына негізделген саясат үстемдік құрған ХХІ ғасырда легитимизацияның негізгі әлеуметтік және мәдени компоненттеріне баса назар аударылмайтын болса бұл қоғамға қаншалықты қауіп алып келетіндігі айдан анық. Демек, бұл проблемадан шығу жолдарын шешпестен бұрын, наным-сенімге және қоғамдық ақиқаттың қалыптасуына алып баратын жолдарды қарастыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Миф, билік және медиа. Мифтердің белгілі бір жетістіктерге қол жеткізуі мен қоғамда әсер ету күш ретінде қалыптасуы риториканың күнделікті өмірмен ғана шектеліп қалуымен тығыз байланысты.

Мифтердің де биліктің де риториканы пайдалуының үш негізгі әдісі бар: логос (logos), этос (ethos) ve пафос (pathos) [7, 7 б.]. Ежелгі грек тілінде ақыл, ой және түсінік сияқты феномендерді сипаттайтын логос қоршаған әлемге белгілі бір мағына беріп, оны ұғыну барысында ақылдың және логиканың шеңберінен шықпауға, сондай-ақ қарсы тараппен дискуссияға түскен жағдайда тек қана ақыл мен логикаға басымдылық беру туралы нұсқаулық береді. Мораль, ізгілік сияқты категориялар шеңберінде мәселені қарастыратын этос болса тыңдаушының мінез-құлқына және абыройына қарай, түйсігіне байланысты әрекет етуге тырысады. Және соңғысы, құмарлықты және сезімдерді білдіретін пафос болса сезімдерді қоздыруға және оны қозғалысқа алып келуді мақсат етеді. Пафостың тағы бір ерекшелігі, баяндамашы адамның не сөйлегенінен гөрі оны қалай сөйлегеніне баса назар аударады.

Ұзақ уақыт бойы логос, дін және тарих арасындағы қарама-қайшылықтар аясында белгілі бір түсінікке ие болғаны үшін қоғам мен саясат қатынастарында үнсіз қалған мифтер мәдени қызметтерінен бөлек, шынайы ақиқат ретінде қайта қалыптаса отырып, сенуші адамдардың өмірінде үлкен өзгерістер алып келген болатын. Осы себепті, мифтер билік және қоғам қатыстарын, саяси ұйымдасуды түсіну үшін өте маңызды элемент болып табылады [8, 117 б.].

Адамның табиғаты контекстінде риторика, саясат және тарихты зерттеген ХVІІ ғасырдың италияндық философы Джамбаттиста Вико өзінің «Жаңа білім» атты еңбегінде адамзат тарихындағы ақиқатты түсінігінің мағынасы мен қолданысын дәлме-дәл мифтерге қолдаған. Джамбаттиста Виконың пайымдауынша, барлық адамдардың тарихы аңызбен, яғни хикая мен мифтен басталады [9, 11 б.]. «Елестетінген/қиялдан жасалған ақиқат» ретінде қалыптасқан мифтер жалған өтіріктерден мүлдем басқаша және адамдардың басым көпшілігі сенетін нәрсе. Барлығына ортақ болған бұл сенім өміршенді болатын болса, елестетінген/қиялдан жасалған ақиқат қоғамда белгілі бір күшке ие болуын жалғастыра береді.

Джамбаттиста Вико өзінің «Жаңа білім» атты еңбегінде дұрыс ақпаратқа қалай қол жеткізу және қай жерден бастау керек екендігін үйреніп, білу үшін адамзат ойлап тапқан және жасап шығған барлық нәрсені зерттеу қажет екендігін айтқан. Осылайша, адамзат ойлап тапқан әр нәрсенің барлығы зерттеуге тұрарлық екендігін көрсетуге тырысқан. Осы арқылы халықтардың мәдениеттерін негізге ала отырып, мифологияларды, дастандарды, ауызекі өлеңдерді зерттеу нысаны ретінде алған болатын.

Осыған ұқсас мифтердің қоғамда атқаратын функцияларына басымдылық берген ХVІІ ғасырдың тағы да бір ойшылы Роберт Гук болса талқылануы қажет сұрақ мифтің шындық па әлде жоқ па деген мәселе емес, ол арқылы қандай мақсат көзделгендігі маңызды екендігін алға тартқан екен [10, 520 б.].

Шындығында, қоршаған әлемді түсіндіріп сипаттайтын және күнделікті өмірге сіңісіп кеткен мифтерді адамдардың күнделікті өмірлерін қайтадан жаңғыртып,

қоғамдық құрылымның жаңадан қалыптастыруы арқылы таптық айырмашылықтарды нормализациялайтын және билікті легитимді қылатын құрал ретінде де қарастыруға болады. Эмиль Дюркгейм миф, қоғам және билік арасындағы қарым-қатынасты қоғамдық өмірдің одан әрі жалғасуына мүмкіндік беретін қажеттілік ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, қоғамдық өмірде мифологиялық символдар да аса маңызды рөл атқарады [11, 76 б.].

Қоғамда адамдарды белгілі бір мақсатта жұмылдыратын ең тиімді тетіктердің бірі - ежелгі дәуірде интеграцияны қамтамасыз еткен мифтер болып табылады. Осыған орай, миф пен биліктің арасындағы қарым-қатынасты қоғамның ішінде жүзеге асыратын қызметтері мен халық арасында тұтастықты қамтамасыз етуде қосатын үлесі контекстінде қарастыру қажет [12, 69 б.]. Себебі хикая немесе миф қоғамда биліктің орнығуы үшін фундамент қалыптастыратын болса, екінші жағынан қоғамды сол биліктің тікелей нысанына айналуына мүмкіндік береді.

Медиа арқылы мифтің таралуы және билік үшін күрес. Қоғам, медиа және билік арасындағы қарым-қатынас бұқаралық коммуникацияның ең алғашты түрлерінің бірі болып табылатын мифтердің қоғамда атқаратын тарихи рөлі де ұқсас. Бұқаралық коммуникация құралдары арқылы «қасиетті құндылықтардың» тұрақты түрде қайтадан жаңғыртылуы және оның тұтынылуы күннен күнге артып келе жатыр. Бүгінгі күні медиа қоғамда әлеуеттің, тотальды бақылаудың және жаңашылдықтардың құралы болып қалыптасты. Басқа сөзбен айтқанда, медиа қоғамда идеологиялық инвестиция жасайтын және ақпараттардың өңделуі мен таралуына жауап беретін билік өзіне айналып отыр [13, 8 б.].

Индустриалды қоғамға дейінгі кезеңдерде коммуникациялық құралдар мен технологиялар әзірге дамымай тұрған уақытта діннің әлеуметтендіру әлеуеті бірінші баспаға, кейін бұқаралық коммуникация құралдарының дамуымен медиаға көшкен болатын. Осыдан бастап, ақпараттың ағысы бұрынғыдай діни құрылымдар арқылы емес, медианың тікелей өндірген және оны халыққа ұсынған символдары арқылы жүзеге асырыла бастады. Медиа дискуссиялық программалар, эксперттік сұхбаттар, деректі фильмдер, сериалдар, кинолар және рекламалар арқылы күнделікті жаңа символдар қалыптастыруда. Сонымен қатар, бұл символдар дәстүрлі діндерде болған сияқты, табиғаттан тыс трансцендентті болмыстармен сипатталуда және бұл адамдардың сезімдеріне тікелей әсер ететін драматикалық атмосфера қалыптастыруда. Бірақ, бұл жердегі ең басты мәселе, медианың «арғы өмірдің» қасиеттілігін алға тартып, оны жұртшылықтың қызметіне ұсынуы болып табылады. Нәтижесінде, паранормалды наным-сенімдер адамдардың күнделікті өмірлеріне араласа бастайды [14, 8 б.].

Бұқаралық коммуникацияның күші мен өзіне тән мифтерін қалыптастыра білу әлеуеті бірнеше рет байқалған болатын. Бұны радио театры дәуірінде Орсон Уэллс жетекшілік еткен «Әлемдер соғысы» атты қойылымнан кейін Нью-Йорк тұрғындарының байбаламға беріліп, жан-жаққа қашқандығы жөнінде жаңалықтар газет беттерінде жарық көрген болатын [15, 7 б.]. Осы сияқты стратегиялық тұрғыдан мақсатты түрде халық арасына енгізілген мифтік хикаялар да баршылық. Мысалы өте мықты PR маманы болған Эдвард Бернейс әйелдердің темекіні тұтыну көрсеткішін өсіру мақсатында 1929 жылы Нью-Йоркта өткен Пасхаль шеруінде бір топ бойдақ модель қыздың қатысуымен «бостандық факелы» атты акция ұйымдастырып, барлық модель қыздарға халықтың алдында темекі шектірткен болатын [16, 45 б.]. Ақылға емес, тікелей сезімге әсер ететін «бостандық факелы» мифының бұқаралық коммуникация арқылы таратылуы нәтижесінде әр адамның ойы мен болмысы өзгеріп, әрекетке көшкен болатын.

Сонымен қатар, ақиқаттың объективтілігі мен өзгермейтін табиғатын алға тартқан ағартушы дәуірінің ойшылдары және модернистік ойлау құрылымы өркениеттердің дамуында кем болса да рационал ойлау сияқты үлес қосқан мифтік ойлау және бұл мифтік ойлау түрінің өнімі болып табылатын мифтерді елемеді де, есепке де алмады. Білім мен құндылықтарды өткен тарихтан іздеген және оны мифологияға айналдырған парадигманы

тарихтың беттерінде қалдыруға тырысты. Болашақты тарихтың өткен шағында емес, болашақ тарихты қалыптастыратын бүгіннің және болашақтың субъектілерінде екендігін алға тартқан болатын [17, 76 б.]. Білім мен технология саласындағы төңкерістер жоғары бағаланып жатқанда, өзгермейтін табиғаты бар «ақиқат» және бұл ақиқатты ұғынған «ақыл» барлық құндылықтардан үстем деп саналған болатын. Қазіргі уақытта адамзат картезиан дуализміндегі ақылға басымдылық берілген, сондай-ақ ғылыми ақпарат пен ақиқатты ең жоғарғы құндылық деп санаған дәуірдің ең шарықтау шегінде өмір сүріп отыр.

Фашизм, холокост, Хиросима мен Нагасакиге атом бомбаларын тасталуы сияқты адамзат тарихындағы күрделі мәселелерден кейін рационалдылық өте жоғары бағаланған бұл дәуір Ульрих Бек (1992) және Энтони Гидденс (1994) сияқты постмодернист ойшылдар тарапынан «риск» қоғамы деп сипатталып, сын айтылған болатын. Соңғы уақытта адамдардың шындық әлемінен алыстау үрдісі және олардың манипуляцияға бейімділігі бірте-бірте артып келеді. Жаһандану және ақпараттық технологиялар бұл процесті тездететін екі маңызды фактор болып табылады.

Ақпараттың ең үлкен қалыптастырушысы және оны таратушысы болып табылатын медиа және әлеуметтік желінің орасан зор ықпалы нәтижесінде мифке қайтып оралу процессі жүзеге асып келе жатыр. Бұл дұрыс пен бұрыстың, ақиқат пен жалғанның арасындағы шекаралардың біртіндеп жойылып кетуіне себеп болады. Осы жағдайды тиімді пайдаланған топтар халықты жалған ақпараттар арқылы белгілі бір мақсатта жұмылдыра отырып, өздерінің жеке мүдделерін барлық халықтың мүддесі сияқты ұсынуға тырысады.

Қорытынды. Твиттер бостандықтың қамалына, Инстаграм өзінді және өз тауарынды реализациялау алаңына, Фейсбук болса қоғамдық пікірдің агорасына айналған уақытта кез келген адам жаңалық жасаушы, оны таратушы болып отыр. Жоғарыда аталып кеткендей, ақиқат және ақиқатты ұғыну бұлыңғырланған ортада барлығына өтімді универсалды шындық пен ақиқат туралы сөз қозғау мүмкін емес.

Рационалды ақпараттың орнын сезімтал ақыл мен жанашыр көңіл алған дәуірде кез келген ақпаратқа кез келген уақытта, кез келген жерде еркін түрде қол жеткізе алу сезімімен қоса, сеніммен сүйенуге болатын нақты фактілер де жоғалып кеткен сияқты. Кез келген уақытта кез келген нәрсе жаңадан интерпретациялануы мүмкін, әртүрлі ақпарат контекстке қарай жаңадан түсіндірілуі мүмкін және ақпараттар түрлі жаңашылдықтар нәтижесінде жаңадан жаңғыртылуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Bourdieu P. Televizyon Üzerine / P. Bourdieu. – İstanbul: YKY, 1997. – 102 p.
2. Tepe H. Platon'dan Habermas'a Felsefede Doğruluk ya da Hakikat / H. Tepe. – Ankara: İmge, 2003. – 224 p.
3. Kılıç C. John Locke: Bilginin Kaynağı ve İdeler Sorunu // Ekev Academic Review – 2014 – V.27. № 5. – P: 70-87.
4. Lord B. Spinoza Beyond Philosophy / B. Lord. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 2012. – 224 p.
5. Kant I. The Science of Right / I. Kant. – London: Digireads, 2001. – 90 p.
6. Cihan M. Giambattista Vico: Tarihsel Bilgi ve İnsan Doğası Sorunu // International Journal Of Turkish Literature, Culture, Education – 2015 – V.4. № 7. – P. 1339-1352.
7. Green S., Edward Jr. A rhetorical theory of diffusion // Academy of Management Review – 2004 – V.29. № 4. – P. 78-106.
8. Foster H. Postmodernism: a Preface. Postmodern Culture / H. Foster. – London: Bay Press, 1993. – 224 p.
9. Vico G. Yeni Bilim / G. Vico. – Ankara: Doğu Batı Yayınları, 2007. – 527 p.
10. James T. Theory, Pragmatism and Truth: Post-Modernism in the Context of Action // Canadian Journal Of Sociology – 1992– V.17. № 2. – P. 705-730.
11. Sue J. Truth and Social Relations: Durkheim and the Critique of Pragmatism // Durkheimian Studies – 2004– V.10. № 1. – P. 70-86.
12. Fuchs C. Critical Theory of Communication: New Readings of Lukács, Adorno, Marcuse, Honneth and Habermas

in the Age of the Internet / C. Fuchs. – London: University of Westminster Press, 2016. – 230.

13. Dijk T. Söylem ve İdeoloji: Çok Alanlı Bir Yaklaşım, Söylem ve İdeoloji: Mitoloji, Din, İdeoloji, haz / T. Dijk. – İstanbul: Su Yayınevi, 2003. – 346.

14. José M. Somatic Markers, Rhetoric, and Post-truth // *Frontiers In Psychology* – 2017– V.26. № 8. – P. 60-71.

15. Goodman D. Radio and the Intelligent Listener: The War of the Worlds Panic / D. Goodman. – Oxford : Oxford University Press, 2011. – 345.

16. Edward B. Biography of an Idea : The Founding Principles of Public Relations / B. Edward. – New York : Open Road Media, 2015. – 1227 p.

17. Harvey D. The condition of Postmodernity / D. Harvey. – Oxford: Blackwell Oxford, 1990. – 388.

Е.К. Кожбанхан, А.Д. Калдыбекова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

«Пост-правда» («Post-truth»), медиа и политика

Аннотация. В статье рассматриваются значение термина «post-truth», который переводится как «пост-правда» или «пост-истина», примеры исторической динамики и генезиса термина, а также примеры из мировой практики. Кроме того, для определения концепции пост-правды был сделан краткий обзор термина «истина» в истории политической философии. Произведен эпистемологический и этимологический сравнительный анализ между терминологическими матрицами древнегреческой философии, таких как логос (logos), этос (ethos) и папа (pathos), и термином пост-правда. Изучается появление феномена пост-правды с помощью инструментов новых медиа и средств массовой информации в западных странах, в частности, президентская избирательная кампания в Соединенных Штатах и референдум Брексит в Великобритании.

Ключевые слова: пост-правда, власть, новые медиа, логос, этос, пафос, истина, общественное сознание.

E.K. Kozhankhan, A.D. Kaldybekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Post-truth, media and politics

Abstract. The article considers the meaning of the term “post-truth”, historical dynamics and the genesis of the term, as well as examples from world practice. In addition, to define the concept of post-truth was made a brief review of the term truth in the history of political philosophy. An epistemological and etymological comparative analysis was made between the terminological matrices of ancient Greek philosophy such as logos, ethos, pathos and the term post-truth. The emergence of the phenomenon of post-truth is studied with implementation of new media and mass media in Western countries, in particular, the presidential election campaign in the United States and the Brexit referendum in the UK.

Keywords: post-truth, power, new media, logos, ethos, pathos, truth, public consciousness

References

1. Santucci A. Gramsci'yi Anlama [Understanding Gramsci] (Kalkedon Yayınları, İstanbul, 2011). [in turkish]
2. Dmitriyeva N. A., Chichin Y. S. *Intelligentsiya ili intellektualy? Sistematicheskoye znacheniye ponyatiya «gli intellettuali» v filosofii Antonio Gramshi* [Intelligentsia or Intellectuals? The systematic meaning of the concept of “gli intellettuali” in the philosophy of Antonio Gramsci], *Vestnik. LGU imeni A.S.Pushkina* [Bulletin of Leningrad State University named after A.S. Pushkin], 2(2), 35-45 (2013). [in Russian]
3. Gramsci A. *Hapishane Defterleri* [The Prison Notebooks] (Belge Yayınları, İstanbul, 1997). [in turkish]
4. Forgacs D. *Gramsci Kitabı Seçme Yazılar* [Gramsci Book Selection Articles] (Dipnot Yayınları, İstanbul, 2010).

[in turkish]

5. Karacasulu N. Hegemonik Düzen Tartışmaları ve Eleştirel Görüşler [Hegemonic Order Discussions and Critical Views], Dokuz Eylül Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, 11 (4), 53-71 (2009). [in turkish]
6. Yetiş M. Gramsci ve Aydınlar [Gramsci and Intellectuals], Mülkiye Dergisi, XXVI (236), 217-245 (2002). [in turkish]
7. Manheim K. Ideologiya i utopiya [Ideology and Utopia] (Yurist, Moscow, 1994). [in Russian]
8. Gramsci A. Selection From The Prison Notebooks (Lawrence and Wishart, London, 1971).
9. Portelli H. Gramsci ve Tarihsel Blok [Gramsci and Historical Block] (Savaş Yayınları, Ankara, 1982). [in turkish]
10. Choudray K. Gramsci's Intellectuals and People's Science Movement, Economic and Political Weekly, 49 (25), 742-744 (2014).
11. Hawley J. Antonio Gramsci's Marxism: Class, State And Work, Social Problems, 27 (5), 584-600 (1980).
12. Bernstein R. Praxis And Action Contemporary Philosophies Of Human Activity (University Of Pennsylvania Press, Philadelphia, 1971).
13. Gramsci A. Hapishane Defterleri Seçmeler [Selection From The Prison Notebooks] (Onur Yayınları, İstanbul, 1986) [in turkish].

Авторлар туралы мәлімет:

Калдыбекова А.Д. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Саясаттану» мамандығының докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Қожбанхан Е.К. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Саясаттану» мамандығының докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Kaldybekova A.D. – PhD student of political science, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, NurSultan, Kazakhstan.

Kozhbankhan Y.K. – PhD student of political science, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, NurSultan, Kazakhstan.